

**Батыс Қазақстан облысы
Білім басқармасының әдістемелік орталығы**



**ПЕДАГОГ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ АТТЕСТАТТАУ БОЙЫНША
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

Орал қаласы, 2026

Батыс Қазақстан облысы Білім басқармасының
Әдістемелік орталығының сараптамалық кеңесінде қаралып, облыс
педагогтеріне таратуға ұсынылды.
БҚО Әдістемелік орталығының 2026 жылғы 30 қаңтардағы
№29 бұйрығының 2-қосымшасы

Құрастырғандар:

Кубашева Гүлмира Камалқызы, Батыс Қазақстан облысы Әдістемелік орталығының директоры;

Бексұлтанова Айымгүл Жұмақанқызы, Батыс Қазақстан облысы Әдістемелік орталығының бөлім басшысы, педагог-зерттеуші.

Рецензент:

Нарикова Жеңіскүл Мырзабекқызы, Батыс Қазақстан облысы Әдістемелік орталығының бөлім басшысы, педагог-шебер

Әдістемелік ұсынымдар «Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 25 ақпандағы №32 бұйрығын басшылыққа ала отырып, педагог қызметкерлерді аттестаттауға дайындау барысында басшылыққа алынуы тиіс негізгі нормативтік-құқықтық құжаттармен, біліктілік талаптарымен және бағалау критерийлерімен таныстырады.

Әдістемелік ұсыным материалдары педагогтерге, қалалық және аудандық білім бөлімдерінің әдіскерлеріне, аттестаттау комиссияларының мүшелеріне арналған.

МАЗМҰНЫ

Глоссарий	4
Түсінік хат	5
1 НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚҰЖАТТАР	6
1.1 Нормативтік-құқықтық құжаттар тізімі	6
1.2 Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі	7
2 АТТЕСТАТТАУДАН ӨТУ КЕЗЕҢДЕРІ	9
2.1 ПББ кезеңдері	10
2.2 ПББ орындау ұзақтығы	11
2.3 Педагогтерді білімін бағалау	11
2.4 Педагогтердің материалдарын (портфолионы) бағалау парағы	12
2.5 Орта (арнайы), қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білім беру ұйымы, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдары педагогінің сабағын (оқу сабақтарын, ұйымдастырылған қызметін, іс-шарасын) бақылау парағы	19
Мектепке дейінгі білім беру ұйымы педагогінің ұйымдастырылған қызметін (іс-шарасын) бақылау парағы	22
ППТК, ОО және АО педагогінің, білім беру ұйымдарының арнайы педагогтері сабақтарын (ұйымдастырылған қызметті, іс-шараны) бақылау парағы	25
Тексеру мен кеңес беруді бақылау парағы (ПМПК педагогтері үшін)	27
2.6 Педагогтерге біліктілік санаттарын мерзімінен бұрын беру (растау) тәртібі	31
2.7 Педагогтерге біліктілік санатын жеңілдетілген тәртіппен беру тәртібі	33
2.8 «Білім сапасы (динамика)/ Білім беру бағдарламасын меңгеру динамикасы» критерийі бойынша құжаттарды рәсімдеу үлгісі	35
3 ҚОСЫМШАЛАР	45
<i>Қосымша 1</i>	45
ҚР Оқу-ағарту министрлігімен 2023-2025 жылдары келісілген біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламаларының тізімі	
<i>Қосымша 2</i>	45
Педагогтің қызмет нәтижесін кешенді талдамалық жинақтаудағы эссе тақырыптары	
<i>Қосымша 3</i>	45
Облыстық, республикалық басылымдар тізімі	
<i>Қосымша 4</i>	45
ҚР Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 514 бұйрығы (тізімі)	
4 ПАЙДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР	54

ГЛОССАРИЙ

Аттестаттау	педагогтердің біліктілік деңгейін анықтау мақсатында жүргізілетін рәсім
Аттестатталушы	біліктілік санатын беруге (растауға) үміткер педагог
Аттестаттау комиссиясы	педагогтерді аттестаттау рәсімін жүргізетін алқалы орган
Аттестаттау кезеңі	біліктілік санатын соңғы берген (растаған) күннен бастап келесі аттестаттау мерзімі басталғанға дейін немесе мерзімінен бұрын аттестаттау үшін шарттар болған жағдайдағы уақыт аралығы
Апелляция	педагогтің өтініші бойынша жүзеге асырылатын педагогтердің білімін бағалау нәтижелерін қайта қарау рәсімі
Біліктілікті бағалау	білім беру ұйымының педагогтің материалдарын (портфолиосын) біліктілік сипаттамаларына сәйкес барлық құжаттарының бар болуын қарауы
Біліктілік санаты	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығымен бекітілген Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына (нормативтік құқықтық актілер мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5750 болып тіркелген) (бұдан әрі – біліктілік сипаттамалары) сәйкес педагогтің кәсіби құзыреттілік деңгейі
Қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау Педагогтің білімін бағалау	педагог қызметінің дәлелдері мен жетістіктерінің біліктілік санатының талаптарына сәйкестігін бағалау рәсімі білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған ұйым жүргізетін педагогтің білімін тестілеу рәсімі
«Ұстаз» педагогтің үздіксіз кәсіби дамуының ұлттық платформасы	педагогтің кәсіби қызметі туралы деректерді жинауды және өңдеуді қамтамасыз ететін білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған ұйымның платформасы

ТҮСІНІК ХАТ

Педагогтерді аттестаттаудың негізгі идеясы – педагогтердің кәсіби дамуының үздіксіздігін қамтамасыз ету.

Бұл идея:

- педагогтің кәсіби шеберлігі, білімі мен тәжірибесі оқыту сапасының басты факторы;
- аттестаттау процесі мұғалімді тек бақылау емес, оны қолдау және ынталандыру тетігі екенін;
- педагог қызметін әділ әрі объективті бағалау арқылы білім сапасын арттыруға;
- кәсіби өсу және академиялық адалдық қағидалары білім беру жүйесінің тұрақты дамуына негіз болатынын көрсетеді.

Әдістемелік ұсынымдардың мақсаты - облыс педагогтеріне материалдарын (портфолиосын) сапалы рәсімдеуде әдістемелік көмек көрсету.

Әдістемелік ұсынымдардың міндеттері:

- педагогтердің кәсіби қызметінің тиімділігі мен сапасын арттыруға ықпал ету;
- педагог портфолиосын талаптарға сәйкес сапалы жинақтауға және рәсімдеуге әдістемелік қолдау көрсету.

Күтілетін нәтижелер:

- педагогтердің мәлімделген біліктілік санаты бойынша аттестаттаудан сәтті өтуі;
- педагогтердің кәсіби құзыреттілігі мен шеберлігінің артуы;
- педагог портфолиосының сапалы және талаптарға сәйкес рәсімделуі;
- білім беру ұйымдарындағы педагогтердің сапалық құрамының жақсаруы;
- оқыту сапасының және білім алушылардың оқу жетістіктерінің артуы.

Әдістемелік ұсынымдардың «Нормативтік-құқықтық актілер» бөлімінде педагог қызметкерлерді аттестаттауға дайындау барысында басшылыққа алынуы тиіс нормативтік-құқықтық актілер тізбесі ұсынылған. «Педагогтердің аттестаттаудан өтуі үшін құжаттарды қабылдау» мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізімі көрсетілген.

«Аттестаттаудан өту кезеңдері» бөлімінде педагог материалдарын (портфолиосын) критерийлерге сәйкес жинақтау, сондай-ақ білім беру сапасын қамтамасыз ету, жетістіктер, тәжірибені жинақтау және тарату, біліктілікті арттыру бөлімдері бойынша әдістемелік ұсынымдар берілген.

«Қосымшалар» бөлімінде педагог портфолиосын сапалы дайындау критерийлерін регламенттейтін құжаттар ұсынылған.

Аталған ұсынымдар педагогтерге аттестаттаудан өту барысында әдістемелік көмек, сонымен қатар аттестаттау комиссияларының жұмысына қолдау көрсету тұрғысынан өзекті болып табылады.

1. НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚҰЖАТТАР

1.1. Нормативтік құқықтық құжаттар тізімі

Педагог қызметкерлерді аттестаттау келесі нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес жүргізіледі:

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 «Білім туралы» Заңы;
2. Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №293-VI ҚРЗ «Педагог мәртебесі туралы» Заңы;
3. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ «Еңбек кодексі»;
4. «Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығы;
5. «Мектепке дейінгі ұйымдардың және жалпы білім беретін мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарының, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығы;
6. «Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 25 ақпандағы № 32 бұйрығы;
7. «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы №95 бұйрығы;
8. «Педагогтік қайта даярлау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 17 наурыздағы №110 бұйрығы;
9. «Білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіптік стандарттарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 25 ақпандағы №32 бұйрығы;
10. «Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы №514 бұйрығы.

1.2. Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

Мемлекеттік қызмет:

Платформа арқылы – «педагог-модератор», «педагог-сарапшы» біліктілік санатына;

электрондық үкіметтің веб - порталы (бұдан әрі – портал) арқылы – «педагог-зерттеуші», «педагог-шебер», «үшінші санаттағы басшы», «екінші санаттағы басшы», «бірінші санаттағы басшы», «үшінші санаттағы басшы орынбасары», «екінші санаттағы басшы орынбасары», «бірінші санаттағы басшы орынбасары» біліктілік санатына көрсетіледі.

Аттестаттау үшін құжаттарды беру осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне (бұдан әрі – Негізгі талаптар тізбесі) сәйкес жүзеге асырылады.

№	Құжаттар	Түсініктеме
1	Өтініш	Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарының 2-қосымшасына сәйкес рәсімделеді. Өтінішке қол қоя отырып, педагог аттестаттауды өткізу қағидалары мен шарттарымен танысқанын растайды.
2	Білім туралы диплом	Білім туралы дипломда немесе тиісті біліктілік берілген қайта даярлау туралы құжатта көрсетілген мамандық (біліктілік) оқытылатын пәнге (дисциплинаға), атқаратын лауазымға сәйкес болуы тиіс.
3	Қайта даярлау курстарынан өткені туралы құжат (бар болса)	
4	Қызметкердің еңбек қызметін растайтын құжат (ақпараттық жүйелерде мәліметтер болмаған жағдайда);	Еңбек кітапшасы <i>(Қосымша қызмет атқаратын педагогтер үшін – еңбек шарты/ жұмысқа қабылдау туралы бұйрығы)</i>
5	Білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген білім беру бағдарламалары бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткені туралы сертификат	Қосымша 1 <i>(2023-2025 жылдары келісілген біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламаларының тізімі)</i> www.gov.kz/memleket/entities/edu
6	Берілген біліктілік санаты туралы куәлік және бұйрық (бұрын біліктілік санаты бар адамдар үшін)	Берілген біліктілік санаты туралы куәлік және бұйрықтың көшірмесі
7	Кәсіби жетістіктерді және тәжірибені жинақтауды (таратуды) растайтын құжаттар	Сертификаттың, грамотаның, алғыс хаттың көшірмелері

8	Білім алушылардың жетістіктерін растайтын құжаттар	Сертификаттың, грамотаның, алғыс хаттың көшірмелері
9	Эссе (250–300 сөз)	Эссе 250 - 300 сөзден тұрады. Эссе тақырыптары 2-қосымша берілген

Жеке басын куәландыратын құжаттар, білімі және еңбек қызметі туралы мәліметтер тиісті мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен электрондық үкімет шлюзі арқылы алынады.

«Педагог-модератор», «педагог-сарапшы» біліктілік санаттарына аттестатталушылардың 3), 5), 6), 7), 8) тармақтарда көрсетілген құжаттары Платформада жинақталады.

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер

- 1) мемлекеттік қызметті алу үшін қызмет алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігі анықталған;
- 2) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, деректер мен мәліметтердің талаптарға сәйкес келмеуі;
- 3) «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге ұсынылатын келісімінің болмауы.

2. АТТЕСТАТТАУДАН ӨТУ КЕЗЕҢДЕРІ

Педагогтерді, әдіскерлерді, білім беру ұйымдары мен әдістемелік кабинеттер (орталықтар) басшыларының орынбасарларын аттестаттау «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабының 1-тармағы 3) тармақшасына сәйкес кемінде **бес жылда бір рет** өткізіледі.

Білім беру ұйымдарының бірінші басшылары «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 44-бабының 5-тармағына сәйкес **үш жылда бір рет** аттестаттаудан өтеді (1 тарау, 3-тармақ).

Білім беру ұйымдарының, әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) педагогтері, әдіскерлері, бірінші басшылары, басшы орынбасарлары біліктілік санатын беруге (расталуға) аттестаттау кезінде өтініші негізінде біліктілік бағалауынан, ПББ-дан, қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтаудан өтеді (1 тарау, 4-тармақ).

№	Өткізу тәртібі	Түсініктеме
1	Біліктілікті бағалау	Білім беру ұйымдары арқылы жүргізіледі және мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттарды рәсімдеуге қойылатын талаптарға сәйкес құжаттар тізімінің, сондай-ақ педагог портфолиосының критерийлерге сәйкестігін қамтиды.
2	Педагогтің білімін бағалау (ПББ)	ПББ нәтижесі шекті деңгейге жеткен жағдайда оң деп есептеледі: 1) барлық лауазымдағы педагогтер үшін: «педагог»/ «педагог-тағылымдамашы» біліктілік санаты - 50%; «педагог-модератор» біліктілік санаты - 60%; «педагог-сарапшы» біліктілік санаты - 70%; «педагог-зерттеуші» біліктілік санаты - 80%; «педагог-шебер» біліктілік санаты - 90%; 2) білім беру ұйымдарының, әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) бірінші басшылары, басшысының орынбасарлары үшін – 70%; 3) әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) әдіскерлері, бөлімдердің (бөлімшелердің, бөлімнің, сектордың, кабинеттің) меңгерушілері (басшылары) үшін: «педагог»/ «педагог-тағылымдамашы» біліктілік санаты - 50 %; «педагог-модератор» біліктілік санаты - 60 %; «педагог-сарапшы» біліктілік санаты - 70 %;

		«педагог-зерттеуші» біліктілік санаты - 80 %; «педагог-шебер» біліктілік санаты - 90 %.
3	Қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау	Педагогтердің портфолиосы бағалау критерийлеріне (бағалау парағы) сәйкес қаралып, бағаланады

Тиісті бейіні бойынша педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі бар немесе педагогикалық қайта даярлау туралы құжаты бар педагогтерді аттестаттау кәсіптік стандартқа және біліктілік сипаттамаларына сәйкес өту мерзімдері мен біліктілік санатының **біріділік принциптерін сақтай** отырып жүзеге асырылады (1 тарау, 5-тармақ).

Педагогтердің **ПББ нәтижесі** ПББ тапсырған күннен бастап **бір жылға жарамды** болып саналады (53-тармақ).

2.1. ПББ тапсырмалары (38-тармақ):

1) мектепке дейінгі ұйымдар мен жалпы білім беретін мектептердің, лицейлердің және гимназиялардың мектепалды сыныптарының педагогтері үшін:

«Бейіні бойынша әдістемелерді білу, мектепке дейінгі педагогика және психология» – елу тапсырма.

2) бастауыш білім беру педагогтері үшін:

«Пәндік білім» - 50 (елу) тапсырма;

3) негізгі орта, жалпы орта білім беру педагогтері үшін:

«Пәндік білім» – 50 (елу) тапсырма;

4) қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері үшін:

«Педагогика және психология негіздері» - 50 (елу) тапсырма;

5) арнайы ұйымдардың, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының, интернаттық ұйымдардың, жатақханалардың тәрбиешілері, педагог-психологтары, педагог-ассистенттер, әлеуметтік педагогтер, кәсіби бағдар берушілер, тәлімгерлер үшін:

«Педагогика және психология негіздері» - 50 (елу) тапсырма;

6) арнайы білім беру ұйымдарының педагогтері мен білім беру ұйымдарының арнайы педагогтері үшін:

«бейіні бойынша пәндік білім» - 50 (елу) тапсырма;

7) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары (оқу-өндірістік комбинаттар) үшін:

жалпы білім беретін пәндер, жалпы кәсіптік және арнайы пәндер, жалпы гуманитарлық және әлеуметтік-экономикалық пәндер бойынша оқытушылар, өндірістік оқыту шеберлері:

«Пәндік білім» – 50 (елу) тапсырма;

басқа лауазымдардың педагогтері үшін:

«Педагогика және психология негіздері» - 50 (елу) тапсырма;

8) білім беру ұйымдарының (әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) бірінші басшылары, басшының орынбасарлары үшін:

«Қазақстан Республикасының заңнамасын және білім саласындағы нормативтік құқықтық актілерді білу» бағыты бойынша – 60 (алпыс) тест тапсырмасы:

9) әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) әдіскерлері, бөлімдердің (бөлімшелердің, бөлімнің, сектордың, кабинеттің) меңгерушілері (басшылары) үшін:

«Оқыту әдістемесі, Қазақстан Республикасының заңнамасын және білім саласындағы нормативтік құқықтық актілерін білу» - 50 (елу) тапсырма.

Педагогтердің білімін бағалау балдарын бөлу осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады.

2.2. ПББ орындау ұзақтығы *(педагогтерге нұсқау беру уақытын есепке алмағанда):*

- педагогтер үшін – 80 (сексен) минут;

- «Математика», «Физика», «Химия», «Информатика» пәндері үшін – 125 (жүз жиырма бес минут);

- білім беру ұйымдарының (әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) бірінші басшылары, басшының орынбасарлары, әдістемелік кабинеттер (орталықтар) әдіскерлері үшін – 90 (тоқсан минут);

- мүмкіндіктері шектеулі (көру, есту, тірек-қимыл аппараты бұзылған) тұлғалар үшін қосымша 40 (қырық) минут беріледі.

2.3. Педагогтерді білімін бағалау:

- педагогтер, басшылар, басшылардың орынбасарлары кезекті аттестаттауда жылына 1 (бір) рет – тегін, 1 (бір) рет – білім саласындағы уәкілетті орган бекіткен сомаға сәйкес ақылы негізде;

- мерзімінен бұрын аттестаттауға үміткер педагогтер жылына 1 (бір) рет – тегін;

- тиісті бейіні бойынша педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі бар немесе педагогикалық қайта даярлау туралы құжаты бар өтілі жоқ тұлғалар, сондай-ақ педагогикалық қызметті қайта бастауға тілек білдірген тұлғалар – 1 (бір) рет - тегін, кейінгілері – білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен сомаға сәйкес ақылы негізде өтеді.

Сынамалық тестілеу (педагогтің қалауы бойынша) ақылы негізде жыл бойы өтеді.

2.4. Педагогтердің материалдарын (портфолионы) бағалау парағы (12-қосымша)

№	Критерийлер	Біліктілік санаты				Түсініктеме	
		Педагог-модератор	Педагог-сарапшы	Педагог-зерттеуші	Педагог-шебер		
1.	БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ						
1.1.	<p>Білім сапасы (динамика)/ Білім беру бағдарламасын меңгеру динамикасы <i>Ескерту: (тәлімгерлерді, бастапқы әскери және технологиялық даярлықты (АӘД) ұйымдастырушы педагогтерді, ассистент-педагогтерді, педагог-психологтарды, әлеуметтік педагогтерді, педагог-кәсіби бағдар берушілерді қоспағанда)</i></p>	<p>дәлелдемелердің болуы: нәтижелерді талдау бойынша қорытындылары бар сапа мониторингі, салыстырмалы кестелер/диагностикалық құралдарға сәйкес (білім беру ұйымының мөрімен (платформада аттестатталатын педагогтің құжаттарын қоспағанда) және басшының қолымен расталады)</p>				<p>«Білім беру сапасын қамтамасыз ету» критерийі бойынша балл қою кезінде мыналарды ескеру қажет:</p> <ul style="list-style-type: none"> - соңғы 3 жылдағы білім сапасының және білім беру бағдарламасын меңгеру деңгейінің динамикасын; - нәтижелердің талдауы; - оқытудағы күшті және әлсіз жақтарды анықтау; - сыныптар/топтар бойынша салыстырмалы талдау. 	
	<p>Түзету компонентін іске асыру қорытындылары бойынша мүмкіндігі шектеулі балаларда дағдылардың қалыптасу динамикасы (ПМПК қоспағанда)</p>	<p>тұрақсыз динамика 3 жыл бойы</p>	<p>3 жыл ішінде бір деңгей де</p>	<p>1–2%-ға өсу</p>	<p>3 және одан да көп өсу %</p>		<ul style="list-style-type: none"> - Түзету компонентін іске асыру қорытындысы бойынша ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың дағдыларының қалыптасу динамикасы.
	Балл	1	2	3	4		
1.2.	<p>Оқыту сапасы (ұйымдастыру, өткізу)</p>	<p>сабақты бақылау парақтарының болуы (сабақты, ұйымдастырылған қызметті, іс-шараны, тексеру және кеңес беру іс-әрекеті) (білім беру ұйымы басшысы, басшы орынбасары, әдіскер, білім беру ұйымының педагогі, әдістемелік кабинеттің (орталықтың) әдіскері; тиісті деңгейдегі аттестаттау комиссиясының мүшесінен - біреуден кем емес); (платформада аттестатталатын педагогтің құжаттарын қоспағанда) бақылау парағы білім беру ұйымының мөрімен және басшының қолымен қуәландырылады)</p>				<p>Жыл сайын 5 бақылау жүргізіледі, яғни 5 түрлі сабақ (сабақ, ұйымдастырылған қызмет, іс-шара, тексеру және кеңес беру іс-әрекеті) әр түрлі күндері өткізіледі. Әр бақылауды 2 немесе одан да көп бақылаушы жүргізуі мүмкін, бақылаушылардың балдары қосылып, «Оқыту (өткізу, ұйымдастыру) сапасы» көрсеткіші бойынша</p>	

						арифметикалық орташа мән шығарылады.
	Бақылаулар саны (жыл сайын)	5	5	5	5	Білім бер ұйымында басшы/басшының орынбасары, әдіскер, педагог толтырады. Сыртқы сарапшы әдістемелік орталық (кабинет) әдіскері, аттестаттау комиссия мүшесі толтырады.
	Балл	61 (70)	71 (80)	81 (90)	91 (102)	
2.	ЖЕТІСТІКТЕР	дәлелдемелердің болуы: сертификаттың, грамотаның, алғыс хаттың көшірмелері (платформада аттестатталатын педагогтің құжаттарын қоспағанда, мөрмен қуәландырылады)				
2.1.	Білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) Тізбеге немесе облыстық (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) білім басқармасы бекіткен немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саладағы уәкілетті органның тізбесіне сәйкес конкурстарға немесе олимпиадаларға немесе жарыстарға қатысуы. Ескерту1: тәлімгерлер, АӘТД ұйымдастырушы педагогтері - ұйымдастырушы педагогтер, ассистент-педагогтер, педагог-психологтар, психологтар, әлеуметтік педагогтер, мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істейтін педагогтер, педагог-кәсіби бағдар берушілер, түзету мекемелеріндегі білім беру ұйымдары педагогтері үшін - бар болса Ескерту 2: егер жеңімпаз/ жүлдегер болса санына қарамастан 1 ұпай қосылады	Білім беру ұйымы	аудан/қала	облыс (республикалық маңызы бар қала және астана)	республикалық (халықаралық)	Конкурстық іс-шаралар білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісіледі (ҚР БЖҒМ 2011 жылғы 7 желтоқсандағы №514 бұйрығы, БҚО ББ бекітілген шаралар тізімі). Әрбір біліктілік санаты үшін білім алушылардың белгілі бір деңгейде жетістіктері қарастырылған, бірақ олар көрсетілген деңгейден төмен болмауы тиіс: «педагог-сарапшы» үшін – аудан/қала деңгейі, «педагог-зерттеуші» үшін – облыс (республикалық маңызы бар қала және астана) деңгейі, «педагог-шебер» үшін – республикалық (халықаралық) деңгей.

	Балл	1	2	3	4 (5)	
2.2.	Тізбеге немесе облыстық (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) білім басқармасы бекіткен немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саладағы уәкілетті органның тізбесіне сәйкес кәсіптік конкурстарға немесе олимпиадаларға немесе жарыстарға қатысу Ескерту: егер жеңімпаз/жүлдегер болса, санына қарамастан 1 ұпай қосылады	білім беру ұйымы	аудан/қала	облыс (республикалық маңызы бар қала және астана)	Республикалық (халықаралық)	Конкурстық іс-шаралар білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісіледі (ҚР 2011 жылғы 7 желтоқсандағы №514 бұйрығы, БҚО ББ бекітілген шаралар тізімі) Әрбір біліктілік санаты үшін педагогтердің белгілі бір деңгейде жетістіктері, қарастырылған, бірақ олар көрсетілген деңгейден төмен болмауы тиіс: «педагог-сарапшы» үшін – аудан/қала деңгейі, «педагог-зерттеуші» үшін – облыс (республикалық маңызы бар қала және астана) деңгейі, «педагог-шебер» үшін – республикалық (халықаралық) деңгей.
	Балл	1	2	3	4 (5)	
3.	ТӘЖІРИБЕНІ ЖИНАҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ					
3.1.	Ұсынылған оқу-әдістемелік материалдар немесе бағдарламалар Ескерту: Егер педагог білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен немесе уәкілетті орган жанындағы РОӘК ұсынған оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер және оқу-әдістемелік құралдар тізіміне енгізілген жарияланған оқулықтардың, оқу-әдістемелік құралдардың авторы (тең авторы) болса, оған 4 балл қойылады.	дәлелдемелердің болуы: оқу-әдістемелік кеңестің хаттамасынан үзінді, материалдарға сілтеме	Дидактикалық материалдар (тапсырмалар жинағы, сабақтарды әзірлеу (сабақтар, іс-шаралар) жұмыс дәптерлері, тренажерлер) немесе оқу, әдістемелік құралдар немесе әдістемелік ұсынымдар	Оқу-әдістемелік құралдар, әдістемелік ұсынымдар немесе авторлық бағдарламалар	Авторлық бағдарламалар	Дидактикалық материалдар, оқу-әдістемелік құралдар немесе әдістемелік ұсынымдар «педагог-модератор» - білім беру ұйымының әдістемелік кеңесімен, «педагог-сарапшы» - аудан/қала білім беру бөлімінің сараптамалық кеңесімен бекітіледі. Оқу-әдістемелік құралдар, әдістемелік ұсынымдар немесе авторлық бағдарламалар «педагог-зерттеуші» - ББ жанындағы сараптамалық кеңеспен, «педагог-шебер» - білім беру саласында уәкілетті органның жанындағы РОӘК бекітіледі.
		білім беру ұйымының әдістемелік кеңесі	аудан/қала білім бөлімінің оқу-әдістемелік кеңесі	ББ жанындағы оқу-әдістемелік кеңес немесе білім беру саласын да уәкілетті органның жанындағы РОӘК (Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы) / ТжКОБКББ ұйымдары	білім беру саласында уәкілетті органның жанындағы РОӘК (Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы)/ ТжКОБКББ ұйымдары үшін білім беру саласындағы уәкілетті орган жанындағы РОӘК/РҚББОӘО	

				үшін білім беру саласындағы уәкілетті орган жанындағы РОӘК/РҚББОӘО жанындағы РОӘК/АИББД ҰҒПО жанындағы РОӘК	жанындағы РОӘК/АИББД ҰҒПО жанындағы РОӘК		
	Балл	1	2	3	4		
3.2.	Зерттеу (инновациялық, шығармашылық) қызметі немесе оқу-әдістемелік материалдар негізінде семинарларда, конференцияларда, форумдарда, тренингтерде, шеберлік сыныптарында, біліктілікті арттыру курстарында сөз сөйлеу және т.б.	дәлелдемелердің болуы: бұйрықтан үзінді (бұйрықтың көшірмесі) немесе бағдарлама (бағдарламаның көшірмесі) және ісшара материалдары сілтемесі. Бағдарлама тиісті деңгейде білім беру ұйымымен, ауданның/қаланың, облыстың (республикалық маңызы бар қаланың) білім беруді басқару органдарымен, білім беру саласындағы уәкілетті органмен («Өрлеу "БАҰО» АҚ), РҚББОӘО, Балаларды ерте дамыту институты, «Talar», АИББД ҰҒПО келісілген.					
		білім беру ұйымы	аудан/қала	облыс (республикалық маңызы бар қала және астана)	республикалық (халықаралық)	Бұйрық білім беру ұйымы тарапынан семинар, конференция, форум, тренингтер, шеберлік сабақтары, біліктілікті арттыру курстарының бағдарламасына сәйкес баяндама жасайтын педагогтерге қатысты рәсімделеді.	
	Балл	1	2	3	4 (5)		
3.3.	Зерттеу қызметі (тәжірибені зерттеу) негізінде баспасөздегі жарияланым (3 автордан көп емес) Ескерту: ГБССҚЕК немесе Scopus және WOS базаларына ұсынған басылымдарда жарияланым болған жағдайда 7 ұпай қосылады	дәлелдемелердің болуы: басылымның көшірмесі (басылымға сілтеме)					
				Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, РҚББОӘО, Балаларды ерте дамыту институты, АИББД ҰҒПО немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган ұсынған басылымдарында ұсынылған		Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Орта білім беру комитетінің 2025 жылғы 24 ақпандағы №20-3-20-7/1428-И хатына сәйкес облыстық, республикалық басылымдар тізімі https://uba.edu.kz/storage/app/media/TIZIM%2014.10.2025.pdf	
	Балл	-	-	5			
3.4.	Шығармашылық (сараптамалық, жұмыс) топтарға, жобаларға немесе конкурстық комиссияларға немесе қазылар алқасына, судьялыққа қатысу	дәлелдемелердің болуы: бұйрықтан үзінді (бұйрықтың көшірмесі), хаттар (хаттардың көшірмелері) (платформада аттестатталатын педагогтің құжаттарын қоспағанда) білім беру ұйымының мөрімен және басшының қолымен куәландырылады					
		білім беру ұйымы	аудан/қала	облыс (республикалық маңызы бар қала және астана)	республикалық (халықаралық)	Бұйрық білім беру ұйымы тарапынан шығармашылық (сараптамалық, жұмыс) топтарға, жобаларға немесе конкурстық комиссияларға немесе қазылар алқасына,	

						судьялыққа қатысатын педагогтерге рәсімделеді.
	Балл	1	2	3	4 (5)	
	Ұсынылған оқу-әдістемелік материалдар/бағдарламалар негізінде тәжірибені тарату	дәлелдемелердің болуы: бұйрықтан үзінді (бұйрықтың көшірмесі), анықтама, бағдарлама (бағдарламаның көшірмесі) (платформада аттестатталатын педагогтердің материалдарын қоспағанда) білім беру ұйымының мөрімен куәландырылады (іс-шаралардың материалдарына сілтеме)				
3.5.	ББ жанындағы оқу-әдістемелік кеңес немесе білім беру саласында уәкілетті органның жанындағы РОӘК (Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы)/ ТЖКОБКББ ұйымдары үшін білім беру саласындағы уәкілетті орган жанындағы РОӘК/ РҚББОӨО жанындағы РОӘК/АИББД ҰҒПО жанындағы РОӘК			облыс (республикалық маңызы бар қала және астана) (кемінде 3 ауданды (қалаларды) қамту)		Облыстық деңгейде трансляция (кемінде 3 ауданды (қаланы) қамту) Келесі құжаттар ұсынылады: анықтама, бағдарлама (көшірмесі), бұйрықтың көшірмесі (құжаттар білім беру ұйымының мөрімен куәландырылады)
	Білім беру саласында уәкілетті органның жанындағы РОӘК(Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы)/ ТЖКОБКББ ұйымдары үшін білім беру саласындағы уәкілетті орган жанындағы РОӘК/ РҚББОӨО жанындағы РОӘК/АИББД ҰҒПО жанындағы РОӘК				Республикалық (қамту 3 облыстан кем емес)	Республикалық деңгейде трансляция (кемінде 3 облысты қамту) Келесі құжаттар ұсынылады: анықтама, бағдарлама (көшірмесі), бұйрықтың көшірмесі (құжаттар білім беру ұйымының мөрімен куәландырылады)
	Балл			6 (1-ге 2 б.)	9 (1-ге 3 б.)	
4.	БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ					
4.1.	Білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген білім беру бағдарламалары бойынша қызмет бейіні (саласы) бойынша біліктілікті арттыру курстары (біреуден кем емес) (жалпы сағат саны)	дәлелдемелердің болуы: сертификаттың көшірмесі (платформада аттестатталатын педагогтің құжаттарын қоспағанда) білім беру ұйымының мөрімен және басшының қолымен куәландырылады; алынған білімді практикалық қызметке енгізуді растайтын құжат.				
		72	72	80	108 және одан жоғары	«Біліктілікті арттыру» көрсеткіші бойынша балл қызмет бағыты (саласы) бойынша біліктілікті арттыру курстарының сағат санына сәйкес

Мектепке дейінгі, қосымша және арнайы білім беру ұйымдары үшін, әдістемелік кабинеттің (орталықтың) әдіскерлері үшін (жалпы сағат саны)	36	36	72	80 және одан жоғары	қойылады. Егер педагог әртүрлі бағдарламалар бойынша екі немесе одан да көп курстарға қатысса, сағат саны қосылады. Сертификат келесі жағдайларда тек бір рет есепке алынады: -педагог бір уақытта басшы (басшының орынбасары) және педагог (әдіскер) ретінде аттестаттаудан өтсе; -бір бағдарлама бойынша екі немесе одан да көп рет оқудан өтсе. Біліктілікті арттыру курстарының тақырыбы педагогтің (мұғалімнің) кәсіби бейініне сәйкес болуы тиіс.
Балл	1	1	3	4	
Барлығы	68	84	113	133 (137)	

5. ҚОСЫМША

Сынып жетекшілер/кураторлық (ТжКОБКББ) (бар болса)	дәлелдемелердің болуы: бұйрықтан үзінді (бұйрық көшірмесі), тәрбие жұмысының талдауы – болған жағдайда				
Жұмыс өтілі					
1-2	1				
3-4	2				
5 және одан да көп	3				
Тәлімгерлер. ұйымдастырушы педагогтер, АӘТД - ұйымдастырушы педагогтер, педагог-психологтар, психологтар, әлеуметтік педагогтер, мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істейтін педагогтер, педагог-кәсіби бағдар берушілер, түзету мекемелеріндегі білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтер - бар болса	66	80	107	125 (129)	
ПМПК педагогтері, педагог – ассистенттер үшін	66	80	107	125 (129)	

Ұсыныстар:

Мәлімделген біліктілік санатына сәйкес келеді (сәйкес келмейді)

Біліктілік санатына сәйкес келеді _____

Марапаттар, грамоталар, алғыс хаттар және басқа да марапаттау немесе құттықтау нысандары үшін қосымша ұпайлар қойылмайды.

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

ББ - облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың) білім басқармасы; ТЖКОБКББ – Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары;

«Талар» - Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі жанындағы коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

Балаларды ерте дамыту институты – Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің республикалық мемлекеттік мекемесі;

АИББД ҰҒПО - Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі "Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың Ұлттық ғылыми-практикалық орталығы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

ПМПК – «Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

«Өрлеу» БАҰО» АҚ – «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамы;

РОӘК - Республикалық оқу-әдістемелік кеңесі;

РҚББОӨО - Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

ҒБССҚК - «Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесі;

Scopus - рецензияланған әдебиеттердің дерексіз және рефераттық дерекқоры (the abstract and Citation database of Peer-Reviewed Literature);

WOS - ғылыми жарияланымдардың дәйексөздігін талдауға арналған ғылыми метрикалық платформа (Web of Science Core Collection).

2.5. Орта (арнайы), қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білім беру ұйымы, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдары педагогінің сабағын (оқу сабақтарын, ұйымдастырылған қызметін, іс-шарасын) бақылау парағы

14-қосымша

Педагогтің Т.А.Ә. (бар болса)		Бақылаушының Т.А.Ә. (бар болса)				
Лауазымы, біліктілік санаты		Лауазымы				
Пән (ұйымдастырылған қызмет)						
Білім беру ұйымы		Бақылау күні				
Сынып (топ, жеке оқыту)						
Оқыту мақсаттары үлгілік оқу бағдарламасына/ бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына/ ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға арналған бастауыш, негізгі, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламасына/ балалар музыка мектептерінің, балалар көркемөнер мектептерінің және балалар өнер мектептерінің үлгілік оқу бағдарламасына, балаларға арналған қосымша білім берудің білім беру бағдарламасына/техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін жалпы білім беретін пәндер циклінің немесе модулінің үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес						
Ескертпе: тәлімгер, педагог – ұйымдастырушы, педагог-ассистент, педагог-кәсіби бағдар беруші – білім беру ұйымын дамыту бағдарламасына сәйкес, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының тәрбиешісі - бірыңғай тәрбие бағдарламасына сәйкес.						
Сабақтың (оқудың, іс-шараның, ұйымдастырылған қызметтің) тақырыбы, мақсаттары						
Бағалау критерийлері						деңгейі
1.	Жоспарлау	0	1	2	3	
1.1.	Сабақтың (оқудың, іс-шараның) мақсаттары					
	оқу мақсаттарына (күтілетін нәтижелерге) сәйкес келеді					
	барлық білім алушыларға (тәрбиеленушілерге) нақты және қол жетімді					
1.2.	Оқыту (тәрбиелеу) әдістері мен ресурстары					
	мақсат пен күтілетін нәтижелерге сәйкес келеді					
	жас (жеке) ерекшеліктеріне сәйкес келеді					
	білім беру қажеттіліктеріне сәйкес келеді					
	әдістер мен ресурстарды: - тәжірибені зерттеу нәтижелерін ескере отырып (педагог-зерттеуші) - авторлық бағдарлама негізінде (педагог-шебер) қолдану жоспарланады					
1.3.	Бағалау (тапсырмалар) әдістері, құралдары					
	мақсат пен күтілетін нәтижелерге сәйкес келеді					
	жас (жеке) ерекшеліктеріне сәйкес келеді					

	сабақтың (оқудың, іс-шараның) барлық кезеңдерінде оқушыларды өзін - өзі және (немесе) өзара бағалау (МЖМБС орындауды талап етпейтін білім алушылар үшін педагогпен бірлескен бағалау) процесіне тарту жоспарланады				
	бағалау (тапсырмалар) әдістерін, құралдарын қолдану: - тәжірибені зерттеу нәтижелерін ескере отырып (педагог-зерттеуші) - авторлық бағдарлама негізінде (педагог-шебер) жоспарланады				
2.	Оқыту (ұйымдастыру, өткізу)				
	Функционалдық сауаттылықты дамытуды ескере отырып, сабақтың (оқудың, іс-шараның) материалын ұсыну				
2.1.	терминдер мен ұғымдардың дәйекті және өзара байланысты игерілуі көрінеді				
	әр түрлі дереккөздерден ақпаратты іздеу, алу және түсінік беру дағдыларын дамытуға бағытталған тапсырмалар қолданылады				
	білім алушылар (тәрбиеленушілер) материалды практикалық тұрғыда қолдану тәсілдерін анықтауға тартылады				
2.2.	Цифрлық білім беру ресурстарды және қосымша дереккөздерді қолдану				
	жеке қажеттіліктерді ескере отырып, (педагог) әзірлеген цифрлық білім беру ресурстары (бар болса) пайдаланылады				
